

Қазақстан Республикасының экономикасын 1997/1998 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде жұмыс істеуге дайындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 27 мамырдағы N 892

Қазақстан Республикасының Үкіметі өткен күзгі-қысқы кезеңде елді энергиямен жабдықтау мейлінше тұрақсыз болғанын және энергия объектілерін пайдалану мен энергия көздеріндегі отын қорларының деңгейі күрт төмендеуінің себебі бойынша тұтынушыларды терең шектеулермен және жүйелі түрде ажыратып тастаулармен қоса жүргізілгендігін атап өтеді. Жергілікті атқарушы органдардың қыс алдындағы белгіленген шараларды кешіктіріп және қанағаттанғысыз орындауы Қарағанды, Көкшетау, Теміртау және басқа да қалаларда жылумен жабдықтаудың бұзылуына әкеп соқтырды. Күзгі-қысқы кезеңде қалыптасқан ахуал айтарлықтай шамада пайдаланылған энергия мен отын үшін төлемдердің әрдайым уақытында төленбеуіне тұтынушыларды тікелей электрмен жабдықтау деңгейінде энергияны уақытында ақы төлеу шартымен ғана босату принципінің батылсыз енгізілуіне орай болды.

Электр энергетикасы объектілері мен энергия тұтынушыларды алда тұрған 1997/98 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде тұрақты және тоқтаусыз жұмыс істеуге уақытында және сапалы дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де орталық атқарушы органдар, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың басшылары электрмен үздіксіз жабдықтау, энергия мен отынды тиімді пайдалану және республиканың экономикасын 1997/98 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде жұмыс істеуге уақытында дайындау мақсатында:

үстіміздегі жылдың 1 қарашасына дейін электр станцияларын жылу және электр желілерін, жылыту қазандықтары мен жылыту жүйелерін, сондай-ақ өндірістік және өндірістік емес, ауыл шаруашылығы және коммуналдық-тұрмыстық объектілерді қысқы жағдайда жұмыс істеуге дайындау жөнінде қаржы және материалдық ресурстармен нығайтылған ұйымдастыру-техникалық шаралар әзірлесін және бекітсін;

энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың келісімі бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындардың энергия сыйымдылығы жабдықтарын күзгі-қысқы кезеңге арнап жөндеуге жоспарлы енгізуді көздесін;

жылыту және ыстық сумен жабдықтау мақсаты үшін пайдаланылатын электр қазандығын және басқа да электрмен жылыту қондырғыларын жылу аккумуляторымен және оларды энергия бірлестіктеріндегі ең жоғары жүктеме ететін сағаттарда айырып тастау автоматымен қамтамасыз етсін;

энергияны тұтынушылардың келісілген кесте бойынша үстіміздегі жылдың 1 жарты

жылдығында энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға пайдаланылған электр және жылу энергиясы үшін берешектерін өтеуін қамтамасыз етсін және оған бақылау орнатсын. Тұтынушылар мерзімнің келісілген кестесі бойынша берешектерін төлемеген жағдайда белгілеген тәртіппен оларға энергия босатуды тоқтатсын;

бір апта мерзім ішінде әрбір энергия көзі, кәсіпорын бойынша отын қорларының жинақталуының айлық кестелерін әзірлесін және бекітсін және олардың орындалуына бақылау ұйымдастырсын;

объектілерді қысқы жағдайлардағы жұмысқа уақытында дайындауды үйлестіру және оны бақылау жөнінде аумақтық және ведомстволық штабтар ұйымдастырсын.

2. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдеріне жылу көздерін, жылу энергияларын тасымалдау, тұтыну жүйелерін уақытында дайындау, сондай-ақ алдағы жылыту маусымында тұтынушыларды тұрақты жылумен жабдықтауды қамтамасыз ету жауапкершілігі жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының экономикасын күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуге дайындау үшін жедел ұйымдастыру және бақылау жөнінде Республикалық штаб құрылсын.

Республикалық штабқа басшылық жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсеновке жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі: аймақтық энергия рыноктарына кіретін энергия көздерінің ең жоғары генерациясын ескере отырып, әр облысты 1997/98 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде электрмен қамтамасыз етудің режимін бекітсін;

электрмен жабдықтаушы ұйымдармен бірлесіп, белгіленген тәртіппен электр энергиясын тұтынушыларды шектеу мен ажыратып тастаудың және электр бірлестіктерінде немесе жекелеген аймақта электр энергиясы мен қуаттарының жетіспеушілігі пайда болған жағдайларда қолданылатын қуаттардың кестесін әзірлесін және бекітсін.

Көрсетілген режимдерді орындау облыстардың және Алматы қаласының әкімдері мен меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдар үшін міндетті болып табылады деп белгіленсін.

5. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

энергия кәсіпорындарына 1997/98 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде жұмыс істеуге дайындау үшін энергия көздері жабдықтарына, желілеріне, үйлеріне, коммуникациялары және ғимараттарына жөндеу жүргізуде, олардың аймақтың энергия жабдықтары мен тетіктеріне қосалқы бөлшектер дайындау жөніндегі өнеркәсіп кәсіпорындарымен шарттар жасасуына пәрменді көмек көрсетсін;

алдағы күзгі-қысқы кезеңде жылумен үздіксіз жабдықтау мақсатында жеке жауапкершілігімен коммуналдық және ауыл шаруашылығы жылыту қазандықтары мен жылумен қамтамасыз ету жүйелерінің жөнделуін, сондай-ақ көрсетілген қазандықтар

мен халық үшін отын дайындауды қамтамасыз етсін;

жарасты жұмыстарын уақтылы белгіленген мерзімдерде қаржыландыру, материалдық-техникалық қамтамасыз ету және сапалы орындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

1997/98 жылдың жылыту маусымы басталғанға дейін бекітілген кестелерге сәйкес жылу энергиясы, ыстық және суық су, сондай-ақ газ шығыстарын есептеу приборларын орнату жөніндегі жұмыстарды аяқтасын;

электр энергиясының жетпейтін санына облыстардың тұтынушыларын электрмен жабдықтау үшін электр желілері компаниялар арқылы үстіміздегі жылдың III тоқсаны ішінде Қазақстанның энергия өндіруші ұйымдарымен және шетелдік энергия өндірушілерімен, сондай-ақ ұлттық электр желісімен облыстарға электр энергиясын жеткізуге арналған қаржы ресурстармен қамтамасыз етілген шарттар жасасуды ұйымдастырсын;

отын мен энергияны пайдаланғаны үшін берешектерін өтеуі және олардың алынған отын-энергетикалық ресурстарға уақытында ақы төлеуі үшін бюджеттік ұйымдарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

1997 жылдың 1 шілдесіне дейін мерзімде аймақтық электр станциялары мен жылумен қамтамасыз ету объектілерін жекешелендіруді аяқтасын;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп үстіміздегі жылдың қыркүйегіне дейін ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің 1996-1997 жылдары пайдаланылған электр энергиясы үшін пайда болған берешектерін өтеуін қамтамасыз етсін.

6. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың назары ұйымдардың "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2724 Заң күші бар Жарлығының 11-бабына сәйкес энергияны өндіруге, беруге, таратуға және бұл процестерді технологиялық басқаруға байланысты өндірістік-технологиялық қызметіне араласуға жол берілмейтіндігіне аударылсын.

7. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі энергетика кәсіпорындарының тапсырыстары бойынша ведомстволық бағынысындағы заводтарда энергия жабдықтарына арналған қосалқы бөлшектер дайындауды ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен және басқа да мүдделі министрліктермен бірлесіп 1997/98 жылдың күзгі-қысқы кезеңінде Қапшағай СЭС мен Ертіс СЭС каскадының экономиканың барлық салалары мен экологиялық қауіпсіздігінің талаптарына жауап беретін пайдалану ережелеріне сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

1997/98 жылдың күзгі-қысқы кезеңінің басында Үлкен Алматы көлі су ресурстарының жиналуының 2507 метр қалыпты деңгейге дейін жетуін қамтамасыз етсін.

9. Алматы, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан

облыстарының әкімдері 1997 жылдың 1 қазанына дейін Ертіс, Іле және Сырдария өзендерінің су жайылуы мүмкін аймақтарынан мал азығының запастарын әкетуді қамтамасыз етсін.

10. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері, Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі үстіміздегі жылдың 1 тамызынан бастап ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі